




Сейдахмет БЕРДІҚҰЛОВ

Сейдахмет



3

ШЫГАРИСЫ

Сейдахмет
БЕРДІҚҰЛОВ

ШЫГАРМАЛАРЫ

ІІІ ТОМ

Повестер мен естеліктер

«Жарыс.KZ»

Астана

2013

**УДК 821.512.122
ББК 84 (5Каз) 7-44
С 31**

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрагат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
байдарламасы бойынша шығарылды*

БЕРДІҚҰЛОВ С.
**С 31 Шығармалары: Повестер мен естеліктер / Құрастырған
Қыдырыбек Рысбек. – Астана: "Жарыс.КZ" ЖШС, 2013.
Т. 3. – 384 6.**

ISBN 978-601-80178-8-9

Белгілі жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың үш томдық шығармалар жинағының үшінші томына бұрынғы жазылған "Түйғын" және "Қас қагым... мәңгілік" повестері еніп отыр. Сонымен қатар С.Бердіқұлов туралы жазылған естеліктер беріліп отыр.

Жинақ көпшілік оқырманға арналған.

**УДК 821.512.122
ББК 84 (5Каз) 7-44**

**ISBN 978-601-80178-8-9 – (3-том)
ISBN 978-601-80178-5-8 – (ортак)**

© Бердіқұлов С., 2013
© "Жарыс.КZ", 2013
© "Жазушы" баспасы, 1991

ТҮЙФЫН

Повестің кілті немесе документті бір дерек

- Саламат, Паги!
- Нинь Хао!
- Намасте!

1970 жылдың жазында аспан айналып жермен қауышқан шілдеде, Мехиконың керсамал қонақ үйі – «Мария Исабельдің» журналистер барында ата-бабасынан бермен қорғасын әріптің уын жұтқан Малайзия журналисі әкім Ұйырыс ибн Абдулсамат маган визиткасын ұсынып жатып:

– Дүние кен, жол сан тарау. Бірақ, шым-шытырақ қылышысып жататыны да болады ғой бұл кереметтің. Қеліңіз Азияның ең шет пүшпағында жатқан біздің елге. Мынау біздің газеттің Сингапурдағы, ал мынау Куала-Лумпурдағы мекен-жайы мен телефондары, – деп алақанымды қос қолдан қысып, ұзақ қоштасқан.

– Жол түссе ықыласпен орындаймын тілегінді, мистер Ұйырыс, мүбәрәк Ұйырыс, – деп ықылас білдіргенмен, «Сингапур қайда, біреу қайда» деп миықтан күлгемін де қойғанмын. Енді сол Сингапурге бір секірсек жеткелі тұрмыз. Аспанның кен күмбезіндегі 19 сағат саяхаттан соң енді барап жерге екі сағат қана жол қалды дегеннің қаншалықты жап-жақын екенін әркім сезсе керек. Таиландтың астанасы Бангкоктың аэропортында дамылдап отырмыз. Қөз көріп, құлақ естімеген ел, бәрі бейтанаыс.



Стадионда найза лақтырғыш спортшыны коргеніңіз бар ма?! Найзасын кезеп үстап, бар пәрменімен жүгіріп келіп сілтеп қалады. Самолетке саты сүйреген сары ала қоныз машиналар құдды сол. Екі құлағын жымып алғып, қонған самолетке қарай жүйткіп кеп береді. Жол-жонекей сатысын сарт-сұрт кезек ашып, лайнерге жете бере кілт тоқтайды да, көз ілеспес қимылмен сатыны самолеттің ерісіне дік еткізеді. Бангкок аэропортының бір үйір піл билесе бүйім көрмейтін бетон жолы түйіскен алаң толы сапырылысқан әлгі сары ала қоныздар. Бас аркадағы әуе компаниясының туы да сары ала. Асылы бұл ел сары түсті сыйлайтын секілді. Мюзик-холлдың артистеріндегі кілец бота тірсек бір келкі киінген қыздар тық-тық басып келді. Шоколад түстес денелерінен күн үялады. Таиландтық стюардессалар. Бастьары мен аяқтары шымқай көк. Қалған күймдері сап-сары. Атақты француз авиакомпаниясының да, дипломаттар парадына қатысқандай маңғаз басатын ағылшындардың да, қыпша бел, қолаң шаш Мехико стюардессаларының да формасын көрген едік. Бұлардың күйінде киісі тұрган сән. Бұрын бұл елді көрмеген біз секілді жолаушылардың көзін қызықтырып, қыз-қырқындар лебімен шарпып өте шықты.

Бет-ауыздарының әжімдері ошарлы ауыл сыйытын сай-сала, аумағы ат шаптырым езулеріне қолағаштай трубка қыстырыған ересей бұқадай американцыңтар гана мойындарын да бүрмай салбексе күйде қисайып жатыр. Біз секілді, диктордың даусы қашан естіледі, самолетіміз қашан үшады деп қоқалактау бұл жазғандардың қаперінде де жоқ. Салақұлаш креслоның белін қайыстырып манаурай шалқаяды. Трубкаларынан шыққан шулан тымық күнгі трактордың кеңірдек темірінен бір-бірлеп көтерілетін көк түтін секілді. Қасқалардың нығыздала отырғанында үлкен гәп жатқандай.

Тайланд – көне мен жаңаңың, күнгей Азия мен теріскей Азияның дәнекері бол тарихқа көп маңдай терін қосқан ел.



Бұл күнде ол маңайдағы көп көршілеріне көз түрткі. Азияның түстік-шығысындағы американцықтарға жатып жастық, илілі төсек боп тұрган осы ғана десе де болғандай. Ана мырзалар осыдан соң қалай шәниіп жатпасын? Шаруақор колхозының мал қорасының маңындағы ұзын-ұзын маялардай сұлап жатқан жөндеу шеберханалардың шетін ала бере американцық су жаңа реактивті «Фантомдар» моншақтай тізілді. Вьетнамға қашан жеткізесіндер деп аптығын баса алмай тұрган секілді.

Біздің Бангкокке «тұмсық сұгуға» хакымыз жоқ, паспортымызда бұл елдің белгісі соғылмаған. Сырт елге шығып жүрген азаматтар мұның не екенін әйбат біледі. Кен шабындыққа шідерлеп жіберген аттың қүйіндей кібіртік хал. Қекірегінді енді бұл топыраққа аяғың тиे ме, тимей ме деген ой шабактағанда қалаға қарай тартып-ақ бергің келеді. Әттең, шетелдік қонақтардың дамылдау залының аржагы – сен үшін шекара. Аяғыңды аттап бассаң халықаралық заңың көбесі сөгілгені.

Шекара демекші. Мәскеуден шыға сала ат басын тіреген алғашқы бекетіміз – Тегеран болатын. Қырғыз ғалымы Шәки Жолшиев ирандық жолаушылар дамылдайтын залға етіп кетіпті. Делегацияның ішіндегі ең жасы, тәжік жігіті Укромжан Хасанов:

– Шәке, ойбай, құрыдық! Тез өзіміздің елшілікке телефон соқ! Болмаса алады да жогалады.

Тек түрмай әлгі сайқымазақ тағы:

– Шәке, ойбай тыптыр етпе! Қазір телефонды айтып жіберейін, – деп, блокнотының таңба түспеген аппақ бетіне үңіліп жіберді де, бір құшақ цифрді шұбырта жөнелді.

– Қайталап айт, Укромжан! – деп анау жалма-жан қалтадан қалам мен қағаз ізdedі.

Арғы көрініс қалай болатын кім білсін, қалтақтан тұрган Шәкіге ирандық келбетті полицей жігіт таяп келді де, өкшесін-өкшесіне тақ еткізіп, бас бармағын шекесінде



қойды. – «Күзырыңызға әзірмін!» – дегендегісі. Шәки екі көзі жыптылықтап, мына әзірейлі не айтады деген кейіппен бізді ішіп-жеп барады, ал, өзі шегіншектеп жоламайды. Келбетті полицей аң-таң. Осы кез Укромжан тәжікше бастырмалатып сөйлем кеп жіберді. Қөздері тасмандағы жеткен. Шәки Укромжан сөйлеген сайын басын шұлғи түседі. Парсы тіліне төрт аяғын тең жорға секілді. Нобайы арабша сөз екенін іші біліп, айта түссе екен, гайыптан тап болған әзірейліден ертерек құтқарса екен деп далбастағаны. Бір заманда күріштей ақ тістері мен көмейі көрінгенше шалқая түсіп құлді-ай кеп полицей. Келбетті полицей Шәкеңің қолтығынан алып, арқасынан қағып ары қарай жетектеп кетті. Ол кездегі қоңыл-күйінің қандай болғанын ойлауга бізде де әл-дәрмен жоқ. Бір кезде әлгі полицей мен біздің Шәкең көп жылдан бері ұшыраспаған студенттік достардай әмпай-жәмпай болып келіп тұр. Қолтығында бір буласы бар. «Апам ыржиганға мен де ыржиямынның» кебі, арқадан қағысқандары болмаса ирандықтың түгін түсінбепті Шәкең. Бәріміз Укромжанның аузына қараймыз. «Мына пәлесі немене?» – деп Шәки қолтығындағы буладан бомбадан бетер үркіп тұр. «Тоқтай тұр, Шәки, әңгіменің бұ тұсына әлі келгеніміз жоқ», – деп кесіп тастайды Укромжан. Бізді ынтықтыра түскісі келгендей Укромжан әңгімені ұзақ сонарга салды. Кім біледі, бәлки, ирандық жігіт айтып тауыса алмай жатқан шығар. Екеуі, әйтеуір, мәре-сәре. Ирандық бұған, бұл оған төс қалталарынан бір-бір сигарет сыйласты да, қол алысып қоштасты.

– Укромжан, мына пәлесін сұрасаңшы! – деп Шәкен шырылдан қоймайды.

– Керек болмаса маған-ақ бере саларсың соныра. Бес уақыт намазынды ада қылмай самолетте оқысын деп жайнамаз сыйлапты саған досың, Шәке. «Құлкуалданы» қайырда жат, Шәке, енді, – деп Укромжан қолтығындағыны жазды. Бетіне зерлеп мешіттің суретін тіккен шолақ кілем.



Ал, күлейік. «Соң күлгөн оң күледі» деген орыс мақалын еске алмаппаз біз жазғандар. Соныра алыс Малайзия жерінде сый кілемшелер бізді де күтіп жатқанын біліппіз бе...

Әңгіме визадан шығып кетті гой. Визаның құдіретімен шідерлеуліміз. Соқыр көбелектей қанаттары қалбалақтаған төбедегі сансыз желпеуішденеге желімше жабысқандымқыл ауаны құргата алар емес. Пәлендей шақырайған күн жоқ, бірақ адам айтқысыз тымырысық. Жейденді желліп қойсан, таусылып бітпейтін, көзге көрінбейтін былжыраган желім, қайта жабыстырып тастайды. Ауа тып-типыл болып, түгел ылғалға айналғандай. Әдетте адамның таңдайы кеберсүші еді, ішек-қарның түгел кеүіп, қаңсығанын туып-тумысымда көрген емен. Бір самолеттен соң, екінші самолеттің қанатына қонақтап, жанаармай құйып жүрген аэропорт қызыметшілерінің халі хал емес шығар. Әлгі бір әзірде ғана Кейін тауынан келіп қонған салпы қарын қаражал самолеттің жанында жұмысшылар қара құрым. Бағана бізбен қатарлас келіп қонған реактивті «Фиккерге» де ілтипат өзгеше. Біздің түркы ат шалтырым басқа көліктен өзгешеленіп тұрған ИЛ-62-нің маңында қараң-кураң аз. Ұшар сағатымыздың ұзап кеткенінің кілтипаны да осында тұрса керек. Халықаралық әуе бекеттерінде ірі елдердің авиакомпанияларының тұрақты өкілдері болатыны рәсім.

Бангкок аэропортындағы біздің өкілімізді айтпай-ақ алыстан танитын сұрын бар. Тұрі Рязань мен Тамбовтың бірінен шығып көрмеген таза орыс. Қызымет бабымен шетелде ұзақ тұрған өзіміздің азаматтарды көп ретте тап басып тани алмайсың. Қиім киісі, өзін ұстая мәнері, тілінде мүкіс болмаса да сөз сөйлеуі бөлекшіе боп тұрады. Шетелде тұратын отандастар да салған беттен еркін араласпай, табигатына бітпеген состиыс көрсететіні болады. Ал, Анатолий Рожковта оның бірі жоқ. Салдыры-күлдір араласты да кетті.

— Эй, қайсыбіріңнің ойыңа келе қалды дейсің? Бір буханка нан бергендеріне, кәдімгі бидайдың қоңыр ұнынан



жапқан наң бергендеріне, аэропорт дүкендерінің жарты жиһазын алып берейін, — болды Anatolijidің аман-есендігі. Шетелге шыққан кісі мықтаганда орыс арагын, конъяк, тапқаны аздал балық уылдырығын алады. Шетке жедел-жедел шығатындардың әсте ұмыт тастамайтындары — дәрі-дәрмек. Азия құрлығына сапар шығуым туңғыш, ол кәрі Европа мен жанталасқан Америка елдерінде дәрі-дәрмек саф алтынға бағаланады. Бөлкө нанды шетке алып шықпақ түрмак, жүрт осы күнде басып көріп, шымшып көріп магазин сөресінен зорға алып жүрген жоқ па?!

Арасына ақ жіп таққандай екіге жарып, жылтыратып майлап қайырган шаш Anatolijide жоқ. Шаштары таңтерен бірімен-бірі ұрысып тұрғандай үрпінкі. Үстінде — шолак жең ақ жейде. Жалғыз ерекшелігі — мұрты. Оның өзі де сүйік, тіпті селдір-селдір. Қылтанақтардың сайдасы, құмда ізі жоқ. Әр тұста бір қылтияды. Құдай ақына, қияқтай қою мұрт. Бангкок портындағы «елшіміздің» құтын шақырган болар еді. Мынауы өзіне мұлде жарасып тұр.

Дәл қазір осы Anatolij бейтаныс ел Таиландтағы мияттымыз ақ көбік боп шауып жүріп, бізді ертерек жолға салды. Қейбір жандар болады, мына кең дүниеде оның бұрын бар-жоғын да білмейсін, қас қағым сәт кездесесіңде, қимай қоштасасың. Anatolijіміз сондай жан болып шықты. Бангкок аэрофлот елшісі, тоғыз жыл табан аудармастан осында екен. Осы мезгілдің ішінде қанша мәрте отандастарға қол бұлғап қала берді екен Anatolij, қанша рет сағыныш тұтанды, оны кім есептеген? Е, тәйірі, үйренген қызметті ғой деп басу айтқандай болады іштегі біреу. Жоқ, олай емес, туған жердің адамы, топырағы, тау-тасы Anatolij секілді жігітті сағындырмай тұра ала ма?! Салған беттен елдің дәмін аузына алған адам тегін болмайды. «Кең дүниемен қым-қиғаш араласып жатқан іргелі елге өзіндей қызметкерлер де ауадай қажет. Жолың болсын, селдір мұрт Толя!» оны іштеп күбірлеп айттым ба, әлде дауысым шығып кетті ме



білмеймін, алдыңғы креслодагы біреуі маған бұрылып: «Сингапур жақын, бауырым!» – деп ойымды үзді.

Бір құрлықтан екінші құрлыққа топ ете түсү бұл заманда ешкімді таңдандыра алмайды. Аспан астында қазір құс көп пе ақ қанат аэроплан көп пе деген сұракқа ойланып барып жауап беретін күн туды. Әйтсе де қазақ атамын: «Үйден қырық қадам шыққан жолаушы – мұсәпір» деген сөзі күш-куатын жоя алған жоқ, жоя қояр ма екен?!

Сингапур...

Мектепте басқа пәннен ала-құла болатынбыз да, жағрапия сабағында бәріміз атой салып, орнымызда шошандап отыра алмайтынбыз. Ол ең алдымен «Жағрапия ағайды» (ол кісі еш уакытта география деген емес) бәріміздің жақсы көретіндігіміз. Соңан кейінгі сырый құлқынның қамы. Интернаттың тар залында жер шарының физикалық географиясы ілулі тұрады. Қол қалт етсе біз соның алдына топырлаймыз. Қалалар, көлдер, теңіздер, өзендер, аралдар жасырып ойнаймыз. Адам таппас жер, су атын жасыргандардың дәурені жүреді. Әрқайсымыздың түскі не кешкі қантымыздың бір-бір шақпағы соның қалайы таліңкесіне түседі. Жасырганда бел ортадағы қалаларға, өзен-көлдерге жоламаймыз. Қара беріс, қалтарыстан іздейміз. Неше мәрте Сингапурды жасырып, масайрап отырып қантты қытыр-қытыр жегенім әлі есімде.

Есейдік. Ойымыз үлкейді, білім молықты. Кең дүние толған оқиға. Әлемдік үлкен електен өткен ірілері ғана жетеді құлаққа. Соңғы бір он-он бес жылдың бедерінде картага дұрыстап қарап жүрген мен де жоқ. Мен жүрттың картасындағы кескініне емес жүрт менің мекенімнің картадағы етек-жәні мол келбетінен қызыға қарайды бұкунде!

Ауыз толтырып қант шайнатқан Сингапур естен кеткелі қашан?! Кенет көктемде шетелдермен өзара байланыс қазақ қоғамынан өте сырайы қыз телефон соқты. Жол



түссе августың аяғы мен сентябрьдің бас кезінде Сингапур мен Малайзияға сапар шегетінімді айтты. Документтер толтыруды асықтырды. Сонда барып Сингапурды картадан қайта көріп, жақындағанда кітаптарға көз салмақ боп қөңілге тоқып қойғанмын. Біздің сапарымыз қашлаган қара сиырдың узының күткендей кепке айналды. Обалы не, достық қогамдагы жодастар ауық-ауық мән-жайды толық жеткізіп отырды. Оларға ғана тіреліп тұрган шаруа емес кой. Август кетті, жемісі мол, салқын самал сентябрь өтті. Орталық кітапхананы ақтарып жүріп тапқан бірлі-екілі кітаптарға әуел баста үнілуші едім, енді оны да жылы жауып қойдым. Әрі-сәрі боп октябрь календарының да беті жабылды. Ата-бабамыз айтқандай, қүйіскан көтерілмеген дедік те, күнделікті тірліктің қамымен кеттік. Ағыны тоқтамайтын, ағысы катты ұшы-қырысыз тіршіліктің астында қалды сапар жайлыш сез. Ноябрьдің аяқ шенінде ғана достық қогамынан телефонмен хабар келді. «Жүрге дайындалыңыз. Екі күннен кешікпей Мәскеуде болыңыз».

Күп.

Мәскеу келдік. «Бұрсігүні кешке ұшасыздар. Рас, виза алынған жоқ. Элі бақаңдай екі күніміз бар. Ұшу маршруты белгісіз». Оны айтпаса да, анғарамыз. Индия мен Пәкістан шекелесіп жатыр. Бұрынғы күре жол Бомбей мен Делиге жаңнан безген біреу болмаса кім шығады?

Белгіленген күні ұша алмадық. Тағы бір жұма сергелденмен өтті. Жері жақындар үйлеріне барып қайтты. Жер шалғай әрі бір аттанып кеткен соң сопаң етіп жетіп бару үят. Келесі жұмада ұштық-ау; онда да самолеттің Шереметьев аэропортынан көтерілуіне бір жарым сағат қана қалғанда билет қолымызға тиді. Жолға жиналуға ұлан-ғайыр қаланың әр бұрышына быт-шыт шашырадық та кеттік.

Аэропортта қайта табысқанда бір-бірімізді бұрын көрмегендей тесіле қараймыз. Пәлен күнгі шаршau есінен



шығып еріксіз езу тартасың, тіпті қуесің. Астанадағы белгілі академик, әлгінде ғана жағалы тон киіп журген адамның бұтында жүқа шалбар, шолақ жең қеудеше, басында ши қалпак, селтиіп түр. Биыл Мәскеудің қысы жұмсақ болғанмен бүгін күн шыңылтыр. Ашхабад университетінің профессоры Ораевтың үсінде жаздық жейде, қолтығында қыстық польто, аяғында жеңіл шабата, басында тымақ.

— Бұл қалай, Нұреке? — деймін.

— Эй, құрып кетсін, сұықтан жаман қорқамын. Залдан самолетке жеткенше үсіп өлемін.

— Аяғыңызды қайтесіз?

— Шұрқ етпе, сұық бүйректен өтпесін де, аяқтың бір реті болады.

— Ана академик Челышев тұрған жоқ па қасқырап, Нұреке?

— Академик болғанымша ондай алаңғасарлыққа мен де үйренемін, — деп қол сілтейді бала мінезді, айтарын бүгежектемей тіке тартатын Нұрмамед.

Халықаралық аэропорттардың бәрінде де мемлекеттік шекара барын жоғарыдан баяндадық. Біздегі Шереметьевте де солай. Шекарамыз — бір зал мен екінші залдың табалдырығы. Келесіге өтісімен шығарып салуға келушілердің құшағына — пальтолар, жағалы киімдер, тымақтар, қыстық аяқ-киімдер лақтырылып жатыр. Тек Нұрмамед қана пальтосын қолтығына қыса түсіп, тымагын мильтығына түсіре киіп, Москваның қысынан Магаданның қысына өткелі тұрғандай сайланды. Самолеттің салонына кіргенімізде ғана қандай маршрутпен үшатындығымыз анықталды. Тегеран — Коломбо — Бангкок — Сингапур. Экипажға мүмкін бір тәулік бұрын айтылған да шыгар. Ол арасы бізге беймәлім. Оны ойлап жатқан біз де жоқ. Аңсарымыз — жылға жуық сөз болған сапарға самолет тезірек көтеріп ала жөнелсе.

Біздің өрекпіген көңілімізді орнына түсіргісі келгендей самолет лезде қайқаң етіп зеңгір аспанға көтерілді.



Стюардесса маршрут көрсетілген түрлі түсті открытыкалар үлестірді. Бірінші тоқтатын жеріміз – Тегеран. Сонан кейін терістік-батыспен орағытып Шри-Ланканың астанасы Коломбога тартылған сзызық. Қішкентай қатырма қағаздың өзіндегі сзызықтан-ақ ұшы-қырысыз екенин ішін сезеді. Сингапурға баратын жолаушы бұрын бұл жолмен жүріп көрген емес. Пәлден машайық қашыпты. Шекелесіп кеткен екі елдің аспанынан аулақ жүрудің қамы. Коломбага барып кіріп тірелген ақ сзызық осыдан соң кілт терістік-шығысқа бұрыла Бангкокке тартады. Сол шолақ сзызық – Бангкок пен Сингапур арасы. Картадағы сол шолақ сзызықпен сар желіп келеді әуе кемесі.

– Қазір самолет қонуға ыңғайлана бастайды. Басқа авиакомпаниялар секілді бізде жүзу костюмі болмайды. Біз аэрофлоттың аргымактарына бекем сенеміз, – дейді стюардесса әзіл-шыны аралас. – Жарты сағат шамасында Сингапурға қонамыз...

– Ораев, тым болмаса тымағынды енді алысырап тығып қой. Совет циркі келген дер жүрт, – дейді біздің жігіттердің бірі. Коломбода Ораевтың төбесінде шоқ жаңып бара жатқандай жүртттың жапырлай қарағаны бар. Сейтсек сабазын ондатр тымақты шешпей түскен екен. Тымағың – олардың өні түгіл түсіне кірмейтін мұлік. Көргенде, көрмеген де арманда болды.

– Қонақүйге жеткенше ая-райының сыңайын бағамын. Мүмкін сонан кейін чемоданға салып қоярмын, – деп қырысады Ораев.

– Самолет жиырма минуттан кейін Сингапурға қонады. Сингапурда темпертура 32 градус, ауаның ылғалдылығы 98,5 процент, – деп хабарлады экипаж Ораевтің сөзін естіп отыргандай. Тегераннан 16 сағат ұдайы ұшып Коломбога жетіп, жер жаһандағы ең хош ийсті қою шайдан ішіп жан шақырганымыз, Бангкокке жетіп баладай жабырқап тұрганымыз естен шықты. Есі-дертіміз – Сингапур. Трапқа



шыға келгенде бұл аймақтағы негізгі үш халық — малай, қытай, тамил тілдерінде:

— Сәламат, Паги!

— Нинь Хао!

— Намасте! — дедім. Үлкендер табалдырығын аттаған үйде иесі жоқ болса да сәлемдес дегенді бала жастан құлаққа қүйғандықтан да, көрмеген елге келген сайын сәлемдесу әдетім.

* * *

Сенгір-сенгір таулардан (Кавказ, Гималай), айдын шалқар қолдерден (Азов, Қара теңіз, Үнді мұхиты, Тынық мұхит), су тамбаған шөлдерден (атақты Такла-Макан) өтіп, самолет моторының шуынан безермен болып іздеп келген Сингапурымыз алдымында масаты кілемнің үстінде, мәңгі көк жасыл жекеңтің астында көсіліп жатыр. Сонымен, біз Сингапурдамыз. Жер шараның шірімейтін, үзілмейтін белбейі — экваторға қол созсаң жетеді. Бар-жоғы 130 шақырым. Аэропорт алдында аэрофлот «елшісі» қарсы алды. Делегацияның жетекшісі академик Челышевпен қол беріп амандасты, қалғанымызға бас изеді. Кеше гана ақын Роберт Рождественскийді қарсы алыпты. Елдегі бар жаңалықты сол сарқып айтқан болу керек. Бангкоктағы Анатолий секілді буханка түрмек, қалай жеткенімізді де бір сұрап қоймады-ау.

— Дәл қазір сіздерді қарсы алатын «Нанда және оның үрпағы» фирмасының өкілі келуге тиіс, — деген сөзін ғана құлагымыз шалды. Бар амандығын солар несиеге алып қойған секілді.

Халықаралық аэропорттағы соңғы қарбалас. Паспорт көрсету, тағы да толып жатқан қағаздар толтыру. Әдеттегі әңгіме. Кенет біздің шағын тобымыз қасқыр тиген қой секілді төменге түсетең эскалаторға тұра жөнкіді. «Қайда кеттіңдер!» — деп кері шақырады академик. Сөйтсе, төменде біздің чемодандарымыз мотор арбамен кетіп бара жатылты.



— Қанша сағынсандар да, чемодандарыңмен отельде бір-ақ шұрқырай табысасындар, — дейді аэрофлот өкілі. Қескінінде кекесін. «Соны да білмейсіндер ме?» дегені айпаса да, атой салып түр. Кейбіреулердің шетке шығуы тұңғыш, білмейтіні рас. Білетіндеріміздің өзі екі құннің бірінде шетел аралап жүргемендіктен ұмытып қаламыз. Біздің ресімде жоқ нәрсе. Кекесін емес, куану керек мұндайда. Шетел зиялыштарының рәсімінде чемоданын көтеріп жүру — кембагалдың ісі. Талай елдің талай отельдерінде ағылшын не американ семьясының бармақтай баласына шейін екі қолды қалтаға салып, танауы көкті тіреп талтаңдай басып кіретіні сан мәрте зығырданымызды қайнатқан. Сингапур мен Малайзияда айдан аса жүргенімізде рикша арбасына ақша аяғандықтан емес, салтымызда жоқ болғандықтан отырмайтындығымызды үзак айтып, зорға түсіндірген кездеріміз көп болды.

— Нандаңың ұлken ұлы келе жатыр, онға көз салындар...

— Әне, баспалдақтан екі сатыны бір-ақ аттап келе жатқан соның дәп өзі.

— Әне, келеді, міне келеді Нанда, — деп тұрып қайдан шыға келгенін байқамаппзы да.

Нандаңың тұңғышы десе деуге лайық. Жер ортасынан ауған сабырлы, салмакты кісі. Үнділердің ата салтымен қолын мандаійна апарып, нәшпен бәрімізге бір сәлем берді де, жеке-жеке қол алысты. Бізді кешелі бері күтулі екен, әлгінде ғана Бангкокпен тілдесіп, самолеттің көтерілгенін естіп, шауып жетіп үлгірген көрінеді.

— Мырзалар мен бикештер, үнді шаруасы мекенжайымен таныстырғанда алдымен бау-бақшасынан, корақопсысынан бастап, өзі отырган үйін сонына қалдырады. Конактың бойы үйренгенін қалайды, — деп бастады сезін, біздің Нандаңың тұңғышы атаған адамымыз, — Сингапур халқының басым көпшілігі қытайлар болғанмен, біздің фирма өзінің ата-дәстүрінен аспайды. Осы жүрісте теріскей



сақина жолымен қаланың шеткөрі аймағын көреміз. Сіздер жайғасатын мейманхана – Экваториал. Ол экватордың өзінде отыргандарыңызы күнбес-күн еске түсіріп тұрады.

– Сәр Томасты көреміз бе? – деп қалды жігіттердің біреуі, дегбірі таусылғандықтан ба, жоқ... Біздің де бірдеме билетіндігімізді сездіргісі келгендіктен бе?! Сірә, соңғысы шығар.

– Сәр Томас Стэмфорд Раффлз қолын қеудесіне айқастырып тастан шіреніп тұрғалы көп замандар өтті. Қазір де тас тұғырда. Сингапурдан ағылшын әскерінің соңғы сарқыншақтары кетіп жатыр. Бірақ, сәр Томас олармен ілесіп жүре бермейді. Ол – Сингапурмен кіндігі жабысқан есім.

Нандаанның дауыс ырғағынан кәртәміс Европага Азияның шығыстағы лағылтастарын, жер аумағы – Суматра мен Филиппин аралдарын, табигатының төрт құбылысы тен Индонезияны тауып берген, шалқыған байлық қақпасының кілті – Сингапурды қөненің қат-қабат топырағын қайыра сілкіп ашып берген сәр Томас Стэмфорд Раффлзға қолпашты да, кінәлауды да аңғару қыын.

Глобустағы экватор сызығынан бір аумайтын мұхит жиегінде – Кольер бульвары қаланың белбеуі секілді. Асықпай адымдал айнала берсең Үнді мұхитынан Түстік Қытай теңізіне бір-ақ шығасыз. Қол созым жерде Суматра, одан ары шалғышының жаңа түсірген бөкесіндей жапжасыл белбеу-белбеу болып, көкпенбек, ақ жолақ теңіз сағымына оралып Ява аралы жатыр. Кольер жиегімен қаланың шығысына барсаң, күн көзінде, қоңыр жасыл, әлде басқа, сен бұрын көрмеген Айвазовскийдің өзі де біле бермеген сиқыр бояуларға малынған жағажайдан ары мақпал теңіз басталып кетеді де, ол атының өзі адамды арбайтын Калимантан аралына тіреледі. Төсінде күні кеше гана бостандық туын көтерген Борнео мен Саравак секілді екі елі бар Калимантан Миклуха-Маклай дөп



басып айтқандай — алтын жабағы. Алыста, дүрбі салып көретін көз ұшында (жагалауда жирафтың кенірдегіндегі алысты жақыннатып көрсететін теңіз трубалары қойылған) малайлар Сұлу теңізінің моншақтары атанған Филиппин аралдары. Картадағы түрлі теміреткі қаптаған кісінің беті секілді, ал көзбен алыстан шолғанда расында да тізілген моншақ. Екі ұшы ұлken лағыл таспен бекітілген, көздін жауын алатын моншақтар.

Сингапурда болған он күннің ішінде қанша сілеміз қатып келіп, құласақ та, таңмен тармасып Корельге барып тұрдым. Сингапурын шыбын жанындағы жақсы көретін қала тұрғындарын дәл тапқың келсе, жагалаудағы жұрттың жүзіне қара. Біреуі де алдамайды. Клиффорд пристанының ифратар заманынан бері келе жатқан дагара сағаты жеті рет соққанда жиектегі жұрт суға сұнгіп-сұнгіп кеткендей жоқ болады. Қаланың сансыз шаруаларына араласу үшін үйлеріне асыгады. Сен де жұрттың соңынан ала бере қонақүйге бет түзейсін. Индонезия жагалауларын зерлі нұрга малып, бұл елдерде Құн апельсин түстес болып көтеріледі ұсынан. Біздегіден қызылы кем құн шұғыласы жана жетсе де қым-куыт тірлігі басталған Эмпрессплейс алаңында көзінің бір киығымен қарап тұрған сэр Томос Стэмфорд Раффлзга бір қарамай өте алмайсың. «Сен мұнда қайдан жүрсің?» деп сәл таңдана, сәл қызғанышпен тыжырына қараған секілді. Тірлігінде Сингапурдың кішігірім ағылшын арыстанындағы қорғаган адам бұлай қарамай тұр-ау деп ойлай алмайсың да!?

Сэр Томос Стэмфорд Раффлз кеудеге қолды кусырып салып, емін-еркін тұр. Өзі көз жұмғалы Сингапурда қаншама сулар тасып, қаншама оқига өткенін тас мұсін қайдан білсін? Қыр желкесінде мрамор сыртқа желбіреген қақ жартысы қызыл, қақ жартысы ак, бір пұшпақта жыпырлаған жұлдызы бар туды көрсе «бұл қайдан шыққан пәле?» деп талағы тарс кетер еді-ау. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ағылшының



«алғыр мильты алғыр иесі» атанған, жалғанды жалпағынан басқан сәрдің де тарих тегерішін қайта бұруға шамасы келмейтін ояну, түлеу кезеңінде бұл күнде Сингапур. Қазір де елді губернатор мен сұлтандар билейді. Бірақ, олардан Сингапурды сәр Томас бағзы бір күндегідей бит қабығындаі сегіз мыңдоллар ғана санап беріп, сатып ала алмайды. Баяғы ата-бабаларындаі бүтінгі сұлтандар да жегені алдында, жемегені артында, сондай ашқарақ, оназа. Дүниеконыз. Рас, түймеге түйе бере салатын ашық ауыз емес. Ағылшындардың өз отанында солармен бірге Қембриджді тауысқан жандар. Және мойны үзілер жерін танитын, халықтың қабагына да жалтақтауды тарих үйреткен шонжарлар.

Раффлздың тас мүсіні ғайыптан жан бітіп жалт қараса ту сыртындағы қақ жартысы қызыл – халқының төгілген қаны, жартысы ақ – халқының кестесі кемерінен келген ақ ниеті, бұрыши – халқының әзір бір бұрышқа үйлікқан, алда жарқырап, жамырап жанар жулдызы Сингапурдың мемлекеттік туына тыжырынганның артық түк бітіре алмайды. Оның бүгінгі отандастарының халі де солай. «Біз орнаттық» деп кеуде қаққандар желдеткіші бар жайларда бүйрықты беріп тастап қарап отырады. Қаланың іргесін мындаған малайлар, қытайлар, индустар қөтерді. Бүкіл қауым соны түсінетін халге жетті. Күні бүгінге шейін өзім көрген көпір атауының әдемісі «Мердека Бридж» – «Бостандық көпірі» көз алдында. Екі қапталында тіке көкке шашылған ақ тіреулер, талай заман тарығып бостандық аңсаған халықтың ақ ниетті тіреулері. Екі қапталда екі бас тіреудің түбінде – желке жүні құдірейген кос арыстан. Бір қарап өткен адамға бір-бірінен аумайтын егіз арыстан. Байқап қарасаңыз, екеуінен біраз өзгешеліктер табасыз. Бірінің жалы шуда-шуда, екіншісі темір тарақтың тісін көрген, жатық. Біріншісі – бағзы замандағы «Арыстан» қаласы – Сингапурдың символы болған арыстанның жалы, екіншісі – жұмыр жердің сан бөлегін тіміскілеген қолға



үйретілген британ арыстанының күзелген жалы. Бірінің кеудесі киіз қаптай, екіншісінікі күшкі. Қозғе ұратын ерекшелік бірінің құйрығы жауына шабар шақтагыдай деддіп тұр. Екінші арыстан құйрығын мықтап қысып алған. Лондондағы сансыз келісті арыстандардың бәрінің құйрығы жымқырулы келеді. Мынау — солардың ағайыны. Қөпірді салған талантты адамдар. Әдейі жасады ма, жок кездейсоқтық па, ол арасы бізге беймағлұм. Сингапудағы бүгінгі ағылшындардың халі қаланың бас қөпірінің бір қапталындағы осы британ арыстанының кейліндей. Қешегі талтаң басқан, мұртымды балта шаппайды дейтін омырау отаршының құйрығын қысканы — Тұстік-Шығыс Азияның жаңа тарихының беттері... Жә, тарихқа тым ендең кетіппіз. Ол тарихты, ояну тарихын елдің бүгінгі тіршілігінің бетбедерінен, қоріністерінен, қөзіміз шалған бояуларынан іздейік. Сонау XVII ғасырдың елең-алаңында ел әкімдері, «жақсы мен жайсандары» көк тиынга қызығып бере салған халықтың қадірлі мұлкі — Сингапур кілті қайта табылды.

— Сәр Томасты қөреміз бе? — деп жол серіктеріміздің тағатасыздық қөрсеткенінен бұл әңгімені түйіктап, бізді алып-ұшып келе жатқан «рафикартің» жапондық моторлы ағайынының терезелерінен қаланың шет аудандарын бірге көрелік... Жоқ, сәл кешігіп қалыптыз. Қақ маңдайымызда серейіп, «Экваториал» мейманханасы тұр. Қебімізді оны сидиған бойы да, жақындаған берсен, екіге жарылып өзінен-өзі ашылатын есіктері де, қолдарына қардай ақ қолғап киген кілтшілері де таңдандырған жоқ. Бір қазақ, бір тәжік, бір қыргыз, бір түркімен — 27 қабаттағы түкпірдегі екі бөлмеге жұмсақ кілем төсөлген коридормен, бейтаныс коридормен мысықша басып келе жатыр едік, тәжік тыптырап тұра жүгірді, оған қикулап түрікпен қосылды. Қай сәйгел тиғенін түсінбей қыргыз екеуміз аңырдық та қалдық. Әйттеір, біз қөрмей тұрган бірдемені күа жөнелді. Мал базарындағы деддалдай әңкілден қойсашы екеуі.



— Не болды екеуіңе? — дейді сабырлы Шәкен.
— Қөрмединдер ме, көздерің көз бе, шалбардың тесігі ме? — деп жазғырады Нұректің сүйндай ағынды Укромжан,
— Қесіртке... Мен де көрдім. Нұрмамед те «е-е-е» — деді. Үстаптай кетті.

— Өй, қойындар өтіріктеріңе береке дарығырлар. Үй сыртында кісі бар, әңкілдемендер.

Үй сыртында кісі бары рас. Бөлмеге жайғасқанымыз сол еді, телефон без ете қалды. Қолды-аяққа түрмайтын Укромжан бұрын жетіп, трубканы қотерді.

— Ойбай, мынаны мен түсінбеймін, сен ал! — деп маған сілтеді.

Ағылшынша амандастын ұқтым. «Үйдің қабыргасына, қабыргасына қараңыз... Қорықпаңыз...» дегендерін түсіндім. Не туралы айтып тұрганың білсем неғыл дейсің? Трубканы тегершікке қойысымен ал кеп қабырганы екі жақтан тексерейік. Оғаш ештеңе жоқ. Екі кісілік люкс номер. Шерлок Холмстен кем түскісі келмеген Укромжанның: «Ей, жүгір, жүгір!» — деген жан даусы шықты. Жетіп барсам, шаңырақта екі кесіртке андыздал шауып жур. Шындығында, үш үйіктасаң түсіне енбейтін, күтпеген көрініс.

— Қой, енді жеп қоймас, айдаһар емес қой, әйтекеүір,
— деп тәк-тәкпен тоқтаттым. Біздің кесірткелерге үқсамайды. Эйнектен жасалған секілді мөп-мөлдір. Қөздері жылтылдамаса кілтпен бұрайтын ойыншық кесіртке дейсін. Укромжанның қиялышын шарықтағаны сонша:

— Әй, қазақ, бұлар шпион шығар? — деді сыйырлап.

— Әй, сен де келістіре көйтеді екенсің. Кесірткенің мүнда не ақысы бар екенін мен де біліп тұрганым жоқ. Бірақ, сонына шпион салып қоярай сен кімнің шікарасы едің? — деп құлемін. Шындында да, кесірткенің несі бар шырттай мейманханада?! Кейін көрдік. Үй басы өріп жүрген кесіртке. Тропиканың қара нөпір, шыбын-шіркей, бақа-шаянынан кісіні күзететін иықтының өзі осы мөп-мөлдір кесіртке болып шықты...



Терезенің пердесі қымтап жабылыпты. Шамасы осы болар деп жақтаудағы ақ түймені басып қалып едім, шымқаулы перде жайлап сусып жүре берді. Терезені шалқасынан аштым. Дәл осы мезет үйдің ішін бір жылымши жалын кеуледі де кетті. Не пәле?! Қол кептіретін автоматты қобдишалардан соғатын жылы ауа мұның кенже ұлындаі болмемізді әлгінде ғана мұп-мұздай еді дегенге жан адамды сендіре алмайсың. «Е, тропика осындай қылышың болады еken гой» деп жалма-жан терезені жаптым. «Тагы нені бұлдірер екенсі?» дегендей төбеде екі кесіртке тесірідейді.

— Қөп еken көргеніңен көрмегенің, — дедік мейманхананың төрт қабыргасынан шықпай жатып.

Жастыққа басы тиісімен Укромжан үйқының сыйбагасын берді. Дөңбекшіп, ары аунап, бері аунап көзім ілкесеші. Кірпігім-кірпігіме айқаспайды. Истейтін қарекет таппай теледидарға жармастым. Қак төрдегі абажадай сикыр абдыраның құлағын жұлқылай бастадым. Каналдардың біріне соң бірін күтірлеметін. Түсініксіз хабарлар.

Кезектегі біреуін бұрап қалғанда жұлдызыша ағып келе жатқан велосипедшілер шыға келді. «Шамасы спорт хабары болса керек. Үқласам да, нобайын танимын гой» деген оймен сәл аялдадым. Асфальт жолда зулаған велосипедшілер. Арабшасы мен ағылшыншасы аралас репортаж. Телекамера қолдың саласындай топтан озып жеке-дара шыққан үш велосипедшіге қадалды. Мәссаған! Жеті атамды айтып қарғансам да, тірі пенде сенбес ғаламат. Үшеудің ішінде үзенгі бойы озық келе жатқан өзіміздің Олег Түсімханов. Сенейін бе, сенбейін бе?! Соның дәл өзі.

— Олег Тусумхан. Советунион... Олег Тусумхан. Совет унион... — Жүгіріп барып тәжікті жұлқыладым. Оянар емес. Екі көзім экранда. Қөршілердің есігін қағуға олардан емес былайғы жүрттап қымсындым. Телекомментатор сарнап-ак жатыр. Олег жеке-дара кетті «Уа, аруақ!» деген сөздің қалай шыққанын да білмей қалдым. Экранда сөзін мен үқпайтын



телекоментаторлар үні құлақты жарады, бөлмеде мен қикулаймын. Оған оянар тәжік жоқ. Жиырма жеті сағаттық жол сілесін қатырғанын білемін. Біле тұра жыным үстайды. Велосипедшіні «маршал» машинасы басып озды. Бұл — сөре жақын деген сөз. Қамера қаланың көшелерін көрсетті. Жол жиегі ін тірескен халық. Қамера бір кез негізгі топтағы қалың нөпірді көрсетіп кетті. Қала іші велосипедшіге қадам сайын қатер екенін білемін. Кездейсок бұрылыс, кездейсок шүңқыр, ең ақыры құмалақтай тас бар үміттен жүрдай қылады. «Қап, мына мигұла камераны қайда алып кетті! Үн, жан-ай! Жарайсың, Олег!» Бір тұмсықтан құйын-перін шыға келді. Екеудің қарасы үзіліпті. «Бол, бауырым, бас, бас!» соны естігендей екіленіп екі велосипедші де шыға келді. Аralары — 200-300 метр. Сүрінбесін, сүрінсе екі жұз метр не, тәйірі. Енді телекамера тек Олег Тусімхановты түсіріп келеді. Бет-жүзін жауып кеткен тердің моншақтарына дейін анық көрінеді. «Терің өтелсе екен, бауырым!» Шыбын жанды шуберекке түйіп мен отырмын. Қамера жылжып нөпір халық отырған стадионның қақпасына келіп қалшиып тұр. Бір қақпадан қаншама топалаң туатыны, екі жұз шақырым жер алдына жан салмай келіп, осы қатер қақпада қаншама спортшының еңбегі еш, тұзы сор болатыны маган аян. Стадион жолында — қазір тірі пенде жоқ. Бір секунд... екі секунд, он секунд... Жай оғынданай зу етті велосипед. Үстіндеғенің кім екенін аңдай алмай қалдым.

Олег Тусумханов, Рашен, — деген сөз шынылдаған құлаққа талып жетті. Қаумалаған жүрттың арасынан Олегтің не өзін, не жүзін көре алмадым. Мүмкін көзі бұлдырап кеткен шығар. Стадиондағы диктордың «Совет унион» демей «Рашен» дегеніне өкпелеуге шама жоқ.

Кең төсекте тыптырап аунай бердім, аунай бердім. Қеңірдекке кептелген қуаныш, көз шарасына іркілген жас. Әлдекайдан талып естілген КСРО гимні.



Шаңыраққа өрмелеген киіз үйдің желбауындај жол асуга тартып барады. Алда – Әулие көтерме. Бірінші қайқаңнан отіп «үһ» дегенше кезекте бірін-бірі тақымдап төрт бұлың, төрт шұғылыс тұратынын сыралғы жүрт болмаса көлденең кісі біле бермейді. Содан да болса керек, әйтеуір, үрымтал тұста төрт аяғы көктен келіп жатқан машиналар Әулие көтермеге таң емес. Кезектегі бір қитарлығы. «Сенің қитарлығынан менің қыңырлығым сынық сүйем кем емес» деген егеске Түйғын көк талды ат қып мінгелі барған емес. Әйтсе де, ес білгелі зенгір көкке қайқайып шығып алып, еңіске қарай шыр көбелек айналып құлайтын осы асуга жеткенде желік бітеді. Соның бірі мұңсыз, қайғысыз, бал дәуренге велосипедпен демалмай керегетас қапталдан зырлап өткен болып қара терге түсетін. Бұғымүйіз аулының атын аспанга шарықтатып шығарған Айқасқаны мініп шапқанда да құйғытып өтіп, ақшанқан жазыққа құлайтын.

Артында бүрк еткен шаң жоғын білсе де, жалт бұрылып қарап еді сабазың. «Е, жалақ Тыныштықбай, кеудеңнен жаның шығып кетердей қорықпасаң қазір құйысқан тістесіп, көмбеге кімнің бұрын келерін тізгіншілер шешер ме еді қапелімде» деп іштей масайрап мәз болатын. Айқасқаның қамыс құлагының үстінен қыргыз өрім қамшы сусылдайтын. Ұшагаштың жонында бірде озып, бірде қалып жан беріп, жан алышатын Қарасудың қара атынан құтылып кетер жері – көбіне-көп осы Әулиеасу. Әйтеуір, Түйғынға асудың Әулие атаулы шек келтірмейтін. Топырағы торқа болғыр Сарнұр нағашысы сінірі сағыз болып қалған баланы желең ерден аударып алып жатып: «Жақсының тұяғы-ау, Әулие көтермеге сиынып өттің бе, жоқ па?» – дегенді үстемелетіп сұрайтын. «Нағашым қызық, бәйге біздің қанжығаға байланғанды біліп тұрып сұраққа алғаны сасқаны болар», – дейтін желіккен көніл. Қөтермеге кірер тұста қалың



итмұрын өседі. Шаң-топалаң толған көз жанары сол қараң-құраңға түскенде, Түйғын сыйбырыңды сампылдап алып жогалатын бұлың сайды «Қарасайлап» күркіретіп өтеді әр шабыс сайын. Сол шақта Айқасқаның ақ дәкемен өрілген кекілі тік көтеріледі. Түйғын көзді шарт жұмып ақ кобікке бөгіп жібектей жұмсаған ат жалына етпептеп ерікті Айқасқага тастайды. Қылта қолтықтан ескен керсамал үйтқи соққан боранмен бәсекелескендей ат жалының әр парасынан жол тауып, жас парлайды. Қай сезім, қай электр тоғы соғып өтетінін бір құдіреттің өзі білсін, төртінші бұлыңның шүйдесіне жеткенде Түйғын ат жалынан басты қақшаң еткізіп көтеріп алады да соңғы рет «Қарасай бабам» деп рабайсыз қышқырып қайқандап, тізгінді тежеместен қос қолды су қолтыққа еңкейе батырып, қабалаң үзенгіге аякты тірей басатын. Сертке ұласқан, осынау әдettен бір аттаган емес ешқашан. Мұнысын тәнірмен тетелес көретін Сарнұр нағашысына да ешқашан тіс жарып айтпаған. Калың жүрт «Сарнұр бабасының жолбарысын бекер көрмеген ғой... Айқасқага ат біткен маңайласады, үзенгі асыгады деген далбаса» деген де қойған кейінгі жылдары. Класта: «Түйғын, Айқасқаның қолтығында қанаты бар дейді рас па?» – деп ауыздарынан сілекейі шұбырып сұрап болар еді балалар. «Кейде көгершін балапанының жаңа қылтиған серіппесіндей қанат секілді бір зат білінеді де, көпuaқыт зым-зия жоқ болады» дей салған, таңдайлар қағыла берсін деген ниетпен. «Бәсе, бәсе?» Класс іші осылай даурығысатын. Қеле-келе өзі де осыған құлай ден қойып, өзінің шығарған өтірігі екеніне сенуден қалған. Бәлкім, өтірік те емес шығар, әйтеуір, көргені анық болады да тұрады...

Түйғын сақылдап тұрып құліп жіберді. Ұзак үйықтап кетіп оянғандай. Кішкентай Абзалғана әкесінің көзіне үңіліп қарап, кенет бүрк ете қалған құлкінің сырын көз жанарының түбінен іздейді. Қарлыға бұл мінезге әбден сыралғы. Қүйеуінің өз ойымен құлаштап кең айдынға кетіп қалатынын

